



ПРИОЗЕРСКИЙ

18+

№ 45/637

08 ноября 2019 года

Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

Мерекеге лайық іс-шара

«АУЫЛ – БЕРЕКЕ» ЖӘРМЕНКЕСІНДЕ

Өткен сенбі күні әдеттегідей өтіп тұратын ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі керемет ұйымдастырылған «Ауыл береке» жәрменкесі аталып, өзінің аясына көптеген ұлттық құндылықтарымызды енгізе өтуімен есте қалатын болады.

Бұл жәрменке – қаламыздың тұрғындары үшін қысқы уақытқа сапалы азық-түлік өнімдерінің қорын жинап алу үшін өте жақсы мүмкіндік береді. Осы мақсатта қала тұрғындары куә болып отырғандай, жәрменкеге жергілікті және сырттан келген кәсіпкерлер мен жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өкілдерінің барлығы қаладағы шерулер алаңына жиналды.

Аталған жәрменке құлақтан кіріп бойды алар, әсем әнмен және тәтті күймен көмкеріле басталды. Мерей Тұрсынбеков пен Нұрсұлтан Сейткәрімнің әсем әндерімен басталған шара жиналғандардың көңілін көтеріп тастады. «Қайырымдылық жасасаң, қайырым өзін көресің», – деп, жақсылық жасауға шақырған ата-баба ұлағатымен жәрменкеде «20 қайырымды іс» акциясы аясында қаламыздағы жалғыз басты және аз қамтамасыз етілген, күн көрісі төмен отбасылар мен көмекке мұқтаж зейнеткерлерге қолдау көрсету мақсатында тегін нан таратылды. Қазақта «ас атасы – нан» деген сөз бар, яғни астың, дәмнің үлкені – нан. Барша зейнеткерлер мен ерекше мұқтаж жандар тегін нан алуға шақырылды.

Мерекеге лайық өткен жәрменкеде «Бауырсақ» байқауы ұйымдастырылды.

қатырма бауырсақ, шелпек тәрізdes және тәттілерінің өзінің түр-түрі бар. Еліміздің кейбір аймағында бауырсақты тоқаш деп те атайды. Бауырсақ есте жоқ ерте заманнан қазіргі кезге дейін қазақ дастарханынан үзілген емес. Қазақтың тойы бауырсақсыз

дың түрі де сан-алуан. Шара барысында «Қазақ халқының ұлттық ойындарының» бірі асық ату мен ләңгі тебуден сайыс ұйымдастырылды. Асық ату мен ләңгі тебу арқылы бабаларымыз ептілікке, икемділікке, тепе-теңдікті ұстауға, өз мақсатына жетуге,

заманында 50 - жылдан астам уақыт қазақ қолын бастаған батыр? Қазақтың үш биін және 5 арысын атаңыз?.. Қазақтың тұңғыш филология ғылымдарының докторы атанған ғалым кім? Қазақ халқы «Адыраспанды» қандай мақсатта пайдаланған?.. Қымыз-мұрындық дегеніміз не?.. Еңбекке байланысы 5 мақал-мәтелді айтыңыз... деген сауалдар мен сөздер мағыналына дұрыс жауап бергендер марапатталды. Шара барысында 2018-жылдың желтоқсан айында Алматы қаласында өткен «Тауелсіздік деп соғай жүрегім» атты республикалық байқауда бірінші орын алған, жетекшісі Айман Нұртаева Дәуітқылқызы болатын «Балбырауын домбырашылар ансамблі» күйлерін күмбірлетті.

Бауырсақ фестиваліне қатысқаны үшін келесі мекемелер марапатталады: үшінші орынға 06708 әскери бөлімі ие болса, екінші орын қалалық кітапхана ұжымына бұйырды. Жұлделі бірінші орынды «Айналайын» бөбекжай бақшасы жеңіп алып, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Ал, «Қазақтану» сайысының қортындысы бойынша ең көп сұраққа жауап берген Приозерск қаласының білім бөлімінің қызметкері Айдана Мұхамедияқызы Жакупова жеңімпаз атанып, нағыз білімді маман екендігін көрсетті. асық ату, ләңгі тебу ойындары бойынша да жеңімпаздар ұйымдастырушылар тарапынан марапаттарға ие болды.

«Ауыл-береке» жәрменкесіне, «Бауырсақ фестивалі» және «Қымыз Fest» шарасына келген қатысушылар мен көрермендер Мерей



өтпейді. Сондықтан осы күнгі «Ауыл береке» жәрменкесі аясында «Бауырсақ шоу» фестивалі мен «Қымыз Fest» шарасы ұйымдастырылып, жоғары дәрежеде өтті. Мақсат ұмыт болып бара жатқан ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту. Жастарды патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Мереке қонақтарын тегін бауырсақпен және қымызбен қарсы алу биылғы «Ауыл-Береке» жәрменкесінің жоспарына енген. Қала тұрғындары бауырсақтан дәм татысты және арнайы белгіленген қазылар бауырсақ байқауының жеңімпаздарын

жеңіске құштарлыққа баулыған. Ләңгі – көшпенді қазақтың балалары ешкінің тулағынан кесіп алған бір жапырақтай теріге немесе ешкі құйрығына оймақтай қорғасын құйып жасап, теуіп ойнайтын ойыны. Асық ату сайысы орталық алаңда өтсе, «Ләңгі тебу» сайысы сахна төрінде ұйымдастырылды.

Қарашаның басы қанша ызғарлы, суық болса да қала халқы бүгінгі жәрменкені ыстық ықыласпен қабылдағаны байқалды. Осынау шара аясында «Қазақтану» сайысы да өтті. Сайыс шарты бойынша қатысушыларға қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы және тарихынан сұрақ қойылды. Ең көп сұраққа жауап берген қатысушы жеңімпаз атанбақ. Аманат деген не?.. Шашу дегеніміз не?.. Қансонар деген не?.. Құдайы қонақ деген кім?.. Қамшы ілу дегеніміз не?.. Абылай ханның бас қолбасшылары саналған 3 батырды атаңыз. Соның ішінде жаугершілік



Тұрсынбековтың орындауындағы патриоттық рухтағы әуенмен осы күнгі керемет өткен шараны аяқтады.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ



Қазақ дастарханының сәні – бауырсақ. Қазандағы майға қызара піскен ыстық бауырсақты балашаға да, ересек те де сүйсініп жейді. Жалпы бауырсақтың неше түрлісі болады. Қарапайымынан бастап ши бауырсақ,

анықтады.

Қазақта 150-ге тарта ұлттық ойындар барын білеміз бе? Қазақ халқының ұлттық ойындары – ептілікті, өжеттікті, шапшаңдықты, тапқырлықты талап етеді және олар-

«ЖАСТАР-ЖАСТАРҒА» КЕРУЕНІ

Еліміз бойлап биылғы жылы аталып өтіп жатқан «Жастар жылы» елеусіз қалмай, аймағымызда да лайықты өткізілуде. Бұл шараға қаламыздың жастар өкілдері де өз тарапынан лайықты үлестерін қосып, түрлі ішаралар ұйымдастырып жатқаны қуантады. Қаламыз жастарының басын біріктіріп, өткізілетін ішаралардың дұрыс және пайдалы ұйымдастырылуына мұрындық болып жүрген Приозерск қаласы «Жастар ресурстық орталығының» жетекшісі Ұлан Алмасұлы Алмасын еңбегін атап өткен жөн.

Жуықта Қарағанды облысының жас-тар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен облыстық жастар ресурстық орталығының, «Jas Otan» жастар қанатының, Сарыарқа адалдық алаңы жобалық кеңсесінің ұйымдастыруымен Рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру және Жастар жылы аясында облысымызға қарасты қала, аудан орталықтарына «Жастар-жастарға», «Парасаттылық керуені» көшпелі керуендері жастарды қолдау бойынша жүр-



гізіліп жатқан мемлекеттік саясатты түсіндіру, өзекті мәселелер бойынша жас-тарға ақпараттық-әдістемелік көмек беру мақса-

тында жолға шықты.

Керуен құрамына Қарағанды облысы жастар ресурстық орталығының, «Jas Otan»

«Жастар жылы» аясында

жастар қанатының, Сарыарқа адалдық алаңы жобалық кеңсесінің, дін істері басқармасының, тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының, жергілікті жастар ресурстық орталықтарының өкілдері және жергілікті маслихат депутаттары енді. Ағымдағы жылдың 25-қазаны күні Приозерск қаласының «Достық» балалар, жасөспірімдер шығармашылық орталығында «Жастар-Жастарға» мен «Парасаттылық керуені» қала жастарымен кездесті.

Қозғалыс құрамындағы мамандар арқылы мемлекеттік қолдаулар мен бағдарламалар жөнінде толыққанды ақпарат берілді. Қала жастары бұны қолдап қаттауда.

Жалпы, атқарылатын шаралар жастардың жұмыспен қамтылуына, жеке кәсіп ашуына және баспаналы болуына септігін тигізетін сөзсіз.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ.
Приозерск қ.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ПОРТАЛЫН ЕНГІЗУ

Әлеуметтік қызметтер порталы (бұдан әрі-Портал) әлеуметтік-еңбек саласының бірінші ақпараттық жүйесінің бір бөлігі болып табылады және мүгедектігі бар адамдарға тікелей жеткізушілерден оңалту құралдары мен қызметтерін дербес сатып алу мүмкіндігін беретін автоматтандырылған жүйе болып табылады.

Портал 6-дан (инватакси қызметтерінен басқа) 5-үдерісті цифрлауды көздейді, бұл:

- 1) Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;
- 2) техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету;
- 3) ымдау тілі маманының қызметтерін көрсету;
- 4) жеке көмекшінің қызметін көрсету;
- 5) санаториялық-курорттық емдеу қызметтерін көрсету.

Мемлекет тарапынан техникалық құралдар мен оңалту қызметтерінің құнын өтеу тетігі көзделеді. Портал қосымша тұғыншы неғұрлым қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдаған кезде қосымша ақы төлеу мүмкіндігін қарастырады.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 5 бизнес-үдерістің 2-ін порталға ауыстыру жоспарлануда: бұл арнайы әлеуметтік қызметтер және жеке бейімделуді талап етпейтін ІҚЖ түрлерінің жартысынан астамын қамтамасыз ету, оның ішінде республикалық бюджеттен толық қаржыландырылатын 24 түрін.

Жеке іріктеуді талап ететін ТСР-ның қалған түрлері 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында пысықталатын болады.

Сондай-ақ, 2020 жылдың көктемінде портал қалған 3 бизнес-процесс бойынша қызмет алу мүмкіндігін қарастырады (санаторлық-курорттық емдеу, жеке көмекшінің және ымдау тілі маманының қызметтері).

2020 жылы үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында оңалту тауарлары мен қызметтері баламалы негізде – портал және Мемлекеттік сатып алу арқылы көрсетілетін болады. Порталға толық өту-2021 жылдан бастап.

Бұл адал бәсекелестікті арттырады және әлеуетті өнім берушілердің оңалту құралдары мен қызметтерін іске асыруға қатысуының ашықтығын қамтамасыз етеді.

Қызмет алушылар порталды өз бетінше немесе Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары мен бөлімдері қызметкерлерінің көмегімен пайдалана алады.

Порталды енгізу ұсынылатын ТОҚ мен қызметтердің сапасын жақсартуға, оларды



алудың мерзімдері мен атаулылығын жақсартуға, ТОҚ мен қызметтерге нақты қажеттілікті анықтауға мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылдың соңына дейін көрсетілетін қызметті алушылар мен жеткізушілерге арналған порталды пайдалану бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықтар әзірленеді, сондай-ақ жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары мен бөлімдерінің қызметкерлері үшін оқыту тренингтері өткізіледі.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Портал әкімшісі болып табылады. "Еңбек ресурстарын дамыту орталығы" АҚ сүйемелдеуді жүзеге асыратын болады.

«Приозерск қ. жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

ВНЕДРЕНИЕ ПОРТАЛА СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ

Портал социальных услуг (далее – портал) является частью единой информационной системы социально-трудовой сферы и представляет собой автоматизированную систему, предоставляющую лицам с инвалидностью возможность самостоятельного приобретения средств и услуг реабилитации непосредственно у поставщиков.

Портал предполагает оцифровку 5-и процессов из 6-и (кроме услуг инватакси),

перевод 2 из 5 бизнес-процессов на портал: это специальные социальные услуги и обеспечение более половины видов ТСР, не требующих индивидуальной адаптации, в том числе 24 вида, полностью финансируемые из республиканского бюджета.

Остальные виды ТСР, требующие индивидуального подбора, будут доработаны в первом полугодии 2020 года.

Также весной 2020 года порталом будет предусмотрена возможность получения услуг по оставшимся 3 бизнес-процессам (услуги санаторно-курортного лечения, индивидуального помощника и специалиста жестового языка).

В целях бесперебойного обеспечения в 2020 году товары и услуги реабилитации будут оказываться на альтернативной основе – через портал и через госзакупки. Полный переход на Портал – с 2021 года.

Это повысит добросовестную конкуренцию и обеспечит прозрачность участия потенциальных поставщиков в реализации средств и услуг реабилитации.

Получатели услуг смогут воспользоваться порталом самостоятельно или с помощью сотрудников управлений или отделов занятости и социальных программ.

Внедрение Портала позволит улучшить качество предоставляемых ТСР и услуг, сократить сроки и адресность их получения, определить реальную потребность в ТСР и услугах.

До конца текущего года будут разработаны подробные инструкции для пользователей и поставщиков по использованию Порталом, а также проведены обучающие тренинги для сотрудников управлений и отделов занятости и социальных программ.

Администратором Портала является Министерство труда и социальной защиты населения, сопровождение будет осуществлять АО «Центр развития трудовых ресурсов».

ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»

это:

- 1) оказание специальных социальных услуг;
- 2) обеспечение техническими средствами реабилитации;
- 3) оказание услуг специалиста жестового языка;
- 4) оказание услуг индивидуального помощника;
- 5) оказание услуг санаторно-курортного лечения.

Со стороны государства предусматривается механизм возмещения стоимости технических средств и услуг реабилитации.

Порталом дополнительно предусматривается возможность доплаты при выборе потребителем более дорогих товаров и услуг.

С 1 января 2020 года планируется

Жаңа мемлекеттік қызмет

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АЗАМАТТАР ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ ОҢАЛТУ ҚҰРАЛДАРЫНА ЖӘНЕ АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ӨЗДЕРІ ТАПСЫРЫС БЕРЕ АЛАДЫ

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап Әлеуметтік қызметтер порталы (бұдан әрі-Портал) іске қосылып, мүгедектігі бар адамдар техникалық оңалту құралдарына (бұдан әрі - ТОҚ) және арнаулы әлеуметтік қызметтерге өз бетінше тапсырыс бере алады.

«Әлеуметтік қызметтер порталы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартудың Ұлттық жоспары аясында қарастырылған.

Мүгедектерді оңалту құралдарына: протездік-ортопедиялық, сурдо-тифлотехникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ арнаулы жүріп-тұру құралдары жатады. Арнайы әлеуметтік қызметтер: жеке көмекшілердің, ымдау тілі мамандарының және санаторийлардың қызметтерін қамтиды.

Бүгінгі күні ТОҚ және жоғарыдағы қызметтер мемлекеттік сатып алу арқылы ұсынылады.

Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жаңғырту, қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында енгізіледі.

Порталдың енгізілуі оңалту қызметтеріне қажеттілікті айқындайды. Ең бастысы, көрсетілетін қызметтер мен оңалту құралдарының қызмет алушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі мәселелерін шешеді, себебі мүгедектер қажетті құралдар мен қызмет түрлерін өздері таңдай алады.

Порталды енгізу нәтижесінде ТОҚ және арнаулы әлеуметтік қызметтерді проактивті формат арқылы тағайындау бизнес-процестерінің мерзімін 1-2 аптаға дейін қысқартады.

Мүгедектігі бар азаматтардың ұсыныстарына сәйкес техникалық құралдармен оңалту қызметтерінің белгілі бағаларын өтеу механизмі қарастырылған. Бұл анағұрлым қымбат тауарлар мен қызметтерді таңдау барысында порталда қосымша төлем жасау функциясы қолжетімді болатындығын білдіреді.

Сонымен қатар, сертификаттары бар мамандар кеңінен қолжетімді болады, ал медициналық әлеуметтік мекемелердің бірыңғай тізімінде барлық медициналық әлеуметтік мекемелердің жабықталуы мен жүктелуі ескеріледі.

Порталдың іске қосылуы оңалту құралдары мен қызметтер, үйден «бір терезе» арқылы уақытылы, әлеуметтік көмек алу, сонымен қатар жеке қажеттіліктерді есепке алу, өнім берушілер мен қызмет көрсетушілер, әлеуметтік қызметкерлер мен мамандар туралы мәліметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Бұл адал бәсекелестікті арттырады және оңалту құралдары мен қызметтерін іске асыруда әлеуетті өнім берушілердің қатысуының ашықтығын қамтамасыз етеді.

«Приозерск қ. жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

Новая государственная услуга

ЛИЦА С ИНВАЛИДНОСТЬЮ СМОГУТ ЗАКАЗЫВАТЬ СРЕДСТВА РЕАБИЛИТАЦИИ И СПЕЦСОЦУСЛУГИ ЧЕРЕЗ ПОРТАЛ СОЦИАЛЬНЫХ УСЛУГ

С 1 января 2020 года заработает Портал социальных услуг, где люди с инвалидностью смогут самостоятельно заказывать технические средства реабилитации (далее-ТСР) и специальные социальные услуги.

Внедрение автоматизированной информационной системы «Портал социальных услуг» предусмотрено в рамках Национального плана по обеспечению прав и улучшению качества жизни лиц с инвалидностью.

Обеспечение лиц с инвалидностью средствами реабилитации включает в себя предоставление протезно-ортопедических, сурдо технических, тифлотехнических и гигиенических средств, а так же специальных средств передвижения. К специальным социальным услугам относятся услуги индивидуальных помощников, специалистов жестового языка и санаторно-курортное лечение.

На сегодняшний день ТСР и вышеперечисленные услуги предоставляются посредством государственных закупок.

В целях модернизации системы социального обслуживания, повышения качества и доступности услуг Портал будет введен по всей территории страны.

Внедрение Портала позволит исключить фактор непрозрачности учета потребности на услуги реабилитации. И, самое главное, решит проблемы несоответствия услуг и средств индивидуальным потребностям их получателей, поскольку лица с инвалид-

ностью смогут самостоятельно выбирать необходимый вид товара или услуги.

В результате внедрения Портала сроки бизнес-процессов предоставления ТСР и оказания специальных социальных услуг сократятся до 1-2 недель посредством проактивного формата их назначения.

В соответствии с пожеланиями граждан с инвалидностью предусмотрен механизм возмещения установленной стоимости технических средств и услуг реабилитации. Это означает, что на Портале будет доступна функция осуществления доплаты при выборе более дорогих товаров и услуг.

Кроме того, будет доступен более широкий круг сертифицированных специалистов, а в едином реестре медико-социальных учреждений будет учитываться оснащенность и загруженность всех МСУ.

Внедрение Портала обеспечит равный доступ к средствам и услугам реабилитации, своевременную социальную помощь через «одно окно», не выходя из дома, а так же учет индивидуальных потребностей, сведений о поставщиках, социальных работниках и специалистах.

Это позволит повысить добросовестную конкуренцию и обеспечит прозрачность участия потенциальных поставщиков в реализации средств и услуг реабилитации.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»

БИ БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Жұлдызды би – 2019

Жуықта қаламыздың «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында «Жұлдызды би – 2019» атты қалалық би байқауы болып өтті.

таразысына саллды. Би – музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер. Адамдардың күнделікті еңбек процесіндегі іс-әрекеттері, қоршаған дүниеден алған сезім-әсерлері би қимыл-қозғалыстары мен

секетеп, секіріп жүру емес, оның өзіне тән табиғаты бар, көз сүйсіңтер қимыл-қозғалысқа ие, сырттай қараған адамды сүйсіңтетін және әуеннің ырғағына сай қозғалуға икемдейтін керемет өнер туындысы. Әзірге біздің ортамызға бұл өнерден белгілісі жән қолданыста жүргені вальс, танго, твист, шейк секілді түрлері. Бұған қоса әр ұлттың табиғатына сай би түрлері де кездеседі. Той билері өз алдына бір төбе, халықтық туынды десе болады.

Қалалық би байқауының қортындысы бойынша байқау қатысушылары келесі номинацияларды иеленді: Ең үздік костюмдер номинациясы Нұрлан Сүлейменов және Гаухар Сабденбекова, Көрермендер көзайымы номинациясы Абай Сайлау мен Асель Юсеноваға, Арулар арасында Ең үздік биші номинациясы Ақбота Орынбасарға бұйырды.

Жігіттер арасында Ең үздік биші номинациясын Мақсат Анарбаев, Сымбатты биші номинациясын Рүстем Даулетбеков, Ақбота Орынбасар, Шабатты биші номинациясын Мерей Тұрсынбеков, Мәлдір Бессенова, Ерекше биші номинациясын Абай Сайлау, Асел Юсенова, Сәзімтал биші номинациясын Мақсат Анарбаев, Феруза Тажимаева еншіледі. Өз кезегінде жұптар арасындағы ІІІ орын иегерлері - Нұрқасым Ильясов пен Гафура Шиналиева, ІІ орын иегерлері – Нұрлан Сүлейменов пен Гаухар Сабденбекова, ең жоғары көрсеткішке ие болған І орын

иегерлері – Нұрсұлтан Сейдікәрім және Айсулу Досымова.



Байқауға қаламыздағы биге құмар жастар арасынан суырылып шығып, жеті жұп қатысты және өздерінің би өнеріндегі білетіндері мен игергендерін көшіліктің назарына ұсынып, қазылардың талқы-

ишараларына негіз болған. Табиғат құбылыстарын, аңшылық және соғыс көріністерін белгілі жүйеге түскен ырғақты қимыл – бимен бейнелеу көне дәуірде өмір талабынан туды. Би өнері көптің алдына шығып,



Би байқауына қатысушылар бағалы сыйлықтар және грамоталармен марапатталды. Байқаудың жоғары дәрежеде өткеніне куә болған қалың көрермен көтеріңкі көңіл-күймен тарады.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.

Общенациональный план

2 сентября 2019 года, Касым-Жомарт Токаев выступил с Посланием к народу Казахстана с общенациональным планом мероприятий по реализации Послания «Конструктивный общественный диалог – основа стабильности и процветания Казахстана» на совместном заседании палат парламента.

Это первое послание в должности президента Республики Казахстан. Общенациональный план предусматривает ряд конкретных мер по развитию гражданского общества, ужесточению уголовного законодательства по тяжким преступлениям, введению административной юстиции, поддержке малого и среднего бизнеса, изъятию неиспользуемых сельхозземель, снижению стоимости товаров и услуг, развитию конкуренции, корректировке социальной политики.

ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РК: 5 ШАГОВ ИЛИ ОСНОВА СТАБИЛЬНОСТИ И ПРОЦВЕТАНИЯ КАЗАХСТАНА

Он сообщил, что к 2020 году планируется сократить на 20% количество госслужащих, а высвободившиеся деньги будут направлены на увеличение зарплат успешных сотрудников. В Казахстане будет ужесточено наказание за педофилию, торговлю людьми, распространение наркотиков и браконьерство. Токаев поручил на законодательном уровне освободить компании микро и малого бизнеса от уплаты налога сроком на 3 года. Президент отложил введение 5%-ных пенсионных отчислений до 2023 года. «Поручаю правительству отложить введение дополнительных пенсионных отчислений в размере 5% до 2023 года. Затем вернемся к этому вопросу. За это время правительство, представители биз-

неса и эксперты должны прийти к согласованному решению», – распорядился президент. Также глава государства сообщил, что считает возможным в качестве пилотного проекта внедрить систему оценки населением эффективности работы местной власти. Например, если в результате опроса более 30% жителей считают, что Аким города или села неэффективен – это основание для создания специальной комиссии.

С 1 января 2020 года в Казахстане запускается система обязательного социального медицинского страхования. «Хочу донести до каждого: государство сохраняет гарантированный объем бесплатной медицинской помощи», – сказал Токаев во время

выступления на совместном заседании палат парламента 2 сентября. Токаев поручил увеличить зарплату учителей в два раза в течение следующих четырех лет. В следующем году зарплата учителей вырастет на 25%.

Глава государства кратко прошелся по каждому из указанных пунктов. Послание Президента охватывает различные отрасли, в которых требуются нововведения или какие-либо изменения.

Майбасов Б.А.,
главный специалист Управления
юстиции г. Приозерск

ОСОБЕННОСТИ ОСОБОГО ПРОИЗВОДСТВА



В гражданско-процессуальном кодексе РК предусмотрено рассмотрение дела в особом производстве. Особенность рассмотрения таких дел выражена в том, что отсутствует сторона ответчика и сроки рассмотрения дел сокращены.

Особое производство входит в 4 подраздел ГПК, состоит из глав от 31 по 49 главу.

Статьей 302 ГПК установлен перечень дел, рассматриваемых в данном производстве.

Подготовка должна быть проведена в течение 10 дней и продление данного срока не предусмотрено (ст.303).

Дела особого производства рассматриваются по правилам искового производства, но с особенностями, установленными в главах 31- 49 ГПК.

Сторонами по делу являются заявитель и заинтересованное лицо, в отношении которого рассматривается заявленное требование.

При этом законодателем определено, в случае возникновения спора о праве, суд в

силу своих полномочий выносит определение об оставлении заявления без рассмотрения с разъяснением заявителю и заинтересованному лицу об их праве на обращение в суд в порядке искового производства (ст.304).

В раздел особого производства входит установление фактов, имеющих юридическое значение (ст.305-309). Суд рассматривает факты, от которых зависит возникновение, изменение или прекращение личных либо имущественных прав гражданина или юридического лица.

В главе 33 в особом производстве рассматриваются заявления об усыновлении (удочерении) ребенка в закрытом судебном заседании. При этом законодателем предусмотрена возможность по ходатайству законного представителя рассмотрение дел в районных (городских) судах по месту жительства ребенка. Данное исключение облегчает возможность рассмотрения дела в материальном отношении законных представителей и удобно для ребенка (ст.310-316).

Так главой 34 ГПК предусмотрена производство по делам о признании гражданина безвестно отсутствующим или объявлении умершим (статья 317-322). Особенностью данной главы является то, что в ходе подготовки заявитель, за счет собственных средств, обязан произвести публикацию в средствах массовой информации о возбуждении гражданского дела о признании гражданина безвестно отсутствующим или объявлении умершим, для получения сведений об этом лице сведений сообщить об этом суду в трехмесячный

срок со дня публикации. Дело на это время приостанавливается.

В особом производстве рассматриваются дела об ограничении дееспособности гражданина, о признании гражданина недееспособным, об ограничении или о лишении несовершеннолетнего в возрасте от четырнадцати до восемнадцати лет права самостоятельного распоряжаться своими доходами (ст.323-328);

-об объявлении несовершеннолетнего полностью дееспособным (эмансипация) (ст.329-331);

-о направлении несовершеннолетних в специальные организации образования для детей с девиантным поведением или организации с особым режимом содержания (332-3340);

-по делам о принудительной госпитализации гражданина в психиатрический стационар (ст.335-340);

-по делам о направлении гражданина, больного алкоголизмом, наркоманией или токсикоманией, на принудительное лечение в наркологическую организацию (ст.341-345);

-по делам о принудительном лечении гражданина, больного туберкулезом и уклоняющегося от лечения (ст.346-348);

-о реструктуризации финансовых организаций и организаций, входящих в банковский конгломерат в качестве родительской организации и не являющихся финансовыми организациями (ст.349-354);

-о признании движимой вещи бесхозяйной и признании права коммунальной собственности на недвижимое имущество (ст.356-360) об установлении непра-

Консультация юриста

вильностей записей актов гражданского состояния (ст.361-367);

-о восстановлении прав по утраченным ценным бумагам на предъявителя о ордерам ценным бумагам (вызывное производство)(ст.368-375);

-о признании организации, осуществляющей экстремизм или террористическую деятельность на территории Республики Казахстан и (или) другого государства, экстремистской или террористической. В том числе об установлении изменения ею своего наименования, а также о признании информационных материалов, ввозимых, издаваемых, изготовляемых и (или) распространяемых на территории Республики Казахстан экстремистскими и ли террористическими (ст.376- 378);

-производство по заявлениям о признании интернет-казино, продукции иностранного средства массовой информации, распространяемой на территории Республики Казахстан, содержащей информацию, противоречащую законам республики Казахстан, незаконными (ст.379—381);

-по заявлению о выдворении иностранца или лица без гражданства за пределы Республики Казахстан за нарушение законодательства РК (ст.382-386).

Таким образом, каждое производство рассматривается с установленными особенностями рассмотрения дел по срокам и порядку рассмотрения, которые судом не могут быть изменены.

Э.Ж.Ахметова,
судья Приозерского городского суда.

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларына 10-қосымша

Приложение 10 к Правилам перевозок пассажиров и багажа автомобильным транспортом

ЖОЛАУШЫЛАР МЕН БАГАЖДЫ АВТОМОБИЛЬМЕН РЕСПУБЛИКАШІЛІК ТҮРАҚТЫ ТАСЫМАЛДАУ МАРШРУТТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚҰҚЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ 2019 жылғы "09" желтоқсанында Приозерск қаласы Пушкин көшесі 16 мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен республикашілік тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

1. Конкурста мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:
№1 маршрут (Дружба Народов қ-сі. - Полуостров)
2. Конкурста меншік нысанына карамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.
3. Конкурста қатысуға тілек білдірушілер «Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Приозерск қаласы Пушкин көшесі 16 мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.
4. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурста қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2019 жылғы "29" қарашасы.
5. 2019 жылғы "15" қарашасы конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны өткізеді.
6. Анықтама алу үшін телефондар: **8 (710 39) 7-00-31.**

Спорт

ВОЛЕЙБОЛ ТУРНИРИ

«Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің спорт залында спорттық волейбол түрінен қалалық жарыс болып өтті. Устаздар күні құрметіне арналған аталмыш сайысқа қаламыздағы білім ошақтары мен әскери бөлімдердің құрама командалары қатысты.

Турнирдің ашылу салтанатында волейбол құрама командаларының алаң иелерінен басқа, «Приозерск қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық

сының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Бекболат Аманжолов басшылық етті. Аса тартысты өткен бәсекеде турнирді ұйымдастырушы «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ волейбол құрама командасы жүлделі бірінші орынды иеленіп, тұғыр биігіне көтерілді. Ал, осы волейбол жарысында шеберлік танытқан Ресей Федерациясының Қарулы Күштерінің 03080 әскери бөлімінің «Искра» командасының волейболшылары жүлделі екінші орынды иеленсе, алдыңғы қатарлы жүлделі үшінші орынды қаламыздағы «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығының ерлер құрама командасы қан-жығаларына байлады.

Сайыс қорытындысы бойынша ерлер арасындағы волейбол жарысының «Үздік ойыншысы» атағын Ресей Федерациясының Қарулы Күштерінің 03080 әскери бөлімінің «Искра» командасының волейбол шебері Коноваленков Евгений Владимирович иеленді. Жарысты ұйымдастырушы «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұжымы жарысқа қатысушы команда ойыншыларын арнайы кубок, мақтау қағаздары және арнайы ақшалай сыйлықтармен марапаттады.

Н. Медетов,

«Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



орталығының, қаламызда орналасқан Ресей Федерациясының Қарулы Күштерінің 03080 әскери бөлімінің «Искра» және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 18405 әскери бөлімінің спортшылары сап түзеді. Бір таң қаларлығы, осы турнирге асқан қызығушылық танытқан 18405 әскери бөлімі «Арсенал-1» және «Арсенал-2» командаларын ұсынды.

Екі топқа бөлініп сайысқа түскен волейболшылар жарысының төрешілер алқасының тізгініне білікті маман «Приозерск қала-

ИЗВЕЩЕНИЕ

Наследственное дело открыто после смерти **Осадченко Александра Ивановича**, умершего 27 марта 2019 года.

Наследникам, а также физическим и юридическим лицам, к которым Осадченко Александр Иванович имел обязательства, обращаться к нотариусу Карабекову С.С. по адресу: г. Приозерск, улица Космонавтов, дом 1 «Центр по обслуживанию населения филиала НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан», офис- 2.

Справки по тел. 5-45-94; +7 701 475 9101.

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сагпаева 15, Заказ № 45/637. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: **Кенжебеков Б.А.**

Технический редактор: **Струментов А.В.**

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: **+7-705-466-60-63**

Корреспонденция принимается на электронный адрес: **prz_westnik@mail.ru**

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА НА ПРАВО ОБСЛУЖИВАНИЯ МАРШРУТОВ РЕГУЛЯРНЫХ ВНУТРИРЕСПУБЛИКАНСКИХ АВТОМОБИЛЬНЫХ ПЕРЕВОЗОК ПАССАЖИРОВ И БАГАЖА

ГУ «Отдел жилищно коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции г. Приозерск» объявляет о проведении конкурса на право обслуживания маршрута внутригородских автомобильных перевозок пассажиров и багажа, который состоится 09 декабря 2019 года по адресу: г. Приозерск ул. Пушкина 16.

1. На конкурс выставляются следующие пакеты маршрутов(маршруты):
Маршрут №1 (ул. Дружбы Народов - Полуостров).
2. В конкурсе принимают участие любые физические и юридические лица, независимо от формы собственности, владеющие автотранспортными средствами на праве собственности или иных законных основаниях.
3. Желавшие принять участие в конкурсе представляют в ГУ «Отдел жилищно коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции г. Приозерск» письменную заявку на получение комплекта конкурсных документов по адресу: г. Приозерск ул. Пушкина 16.
4. Окончательный срок приема заявок на получение конкурсных документов и приема заявок на участие в Конкурсе: "29" ноября 2019 года.
5. "15" ноября 2019 года конкурсная Комиссия проводит предконкурсную конференцию по вопросам проведения конкурса.
6. За справками обращаться по телефонам: **8 (710 39) 7-00-31.**

МФО «ЭВЕРЕСТ ФИНАНС» ЖШС

ШАҒЫН НЕСИЕ

- ✓ зейнеткерлер мен жұмыс істейтіндерге
- ✓ 5 000 теңгеден 400 000 теңгеге дейін
- ✓ кепілдіксіз екі аптадан алты жылға дейін
- ✓ несиелер тарихы бұзылған қарыз алушыларға
- ✓ 15 минутта!



ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР!
ПЕНСИОНЕРАМ СКИДКИ!

МИКРОКРЕДИТЫ

- ✓ для пенсионеров и работающих
- ✓ от 5 000 до 400 000 тг
- ✓ без залога
- ✓ от двух недель до шести лет
- ✓ за 15 минут
- ✓ заемщикам с испорченной кредитной историей!

Г. БАЛХАШ, УЛ. БАЙСЕИТОВОЙ, Д. 8.
МАГАЗИН «МАСТЕРСКАЯ ЧУДЕС», 8 747 367 15 25, 8 (710 36) 4 87 28

СЕТЕВОЙ ГРАФИК мероприятий по информационному сопровождению мероприятий в рамках Программы «Рухани жаңғыру» в г. Приозерск

№	Наименование мероприятия	Основное направление/спецпроект	Дата проведения	Место проведения	Ответственные лица
1	Реализация проекта «Кел, ойынайық!», направленного на популяризацию массовых дворовых игр (асық ату, тоғызқұмалақ, шашки домино, «Айгөлек», игры с мячом, скакалкой и т.д.) с привлечением волонтеров, студентов и т.д. Мероприятие: Проведение комплекса мероприятий массовых дворовых игр	Прагматизм	26 октября 2019 года	г. Приозерск	Н.Стамкул
2	Организация и проведение комплекса мероприятий по пропаганде национальных видов спорта	«Тысяча лет степного фольклора и музыки»	26 октября 2019 года	г. Приозерск	Н.Стамкул

ГУ «Отдел физической культуры и спорта города Приозерск»

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041